1.3.1 - «6B012 - Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр адам табиғатын және оның өмір сүру мағынасын білуі; оның мүмкіндіктері мен шекарасын танып білуі; өркениеттің алуан түрлілігін, әлеуметтік тәжірибе формаларын білуі; ақпараттық техникалық әлемде адамның орнын және қоғамның дамуындағы ғылыми ұтымдылықтың ролін анықтауы тиіс;

1.3.2 - математика, ана тілі, музыка, жаратылыстану, әдебиет, бейнелеу өнері, дене тәрбиесі пәндерін, олардың теориялық негіздерін және мектепке дейінгі ұйымда оларды оқыту технологиялары туралы түсінікке ие болуын, сондай-ақ тілдік және логикалық ойлауды дамыту әдістерінің негіздерін, мектеп жасына дейінгі балалардың пәндік біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыруын, олардың ғылыми дүниетанымы мен дағдыларының алғышарттарын қалыптастыру тәсілдерін, мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығын және өздігінен дамуын қамтамасыз ету;

1.3.3 - педагогикалық үдерісті ұйымдастыру; мектеп жасына дейінгі балалардың субъектілік іс-әрекетін ұйымдастыру; мектепке дейінгі балалардың жеке тұлғасын қалыптастыру және дамыту үрдісін басқару; мектепке дейінгі балалардың жалпы жеке тұлғалық мәдениетін қалыптастыру заңдылықтарын білуі;

1.3.4 - кәсіби қызметтерді жүзеге асырумен байланысты оқытушы қойған педагогикалық міндеттерді шешуге қабілетті болу, оларды шешу үшін педагогтың педагогикалық тәсілдері мен ғылыми әдістерді қолдана білу.

2. 6B012 - Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы» білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесінде қалыптасатын түлектің құзыреттіліктері:

«6B012 - Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы» білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруға қол жеткізу келесі құзыреттіліктерді қалыптастыруға ықпал етеді:

ЖҚ - жалпы;

ПҚ- пәндік.

2.1 Бітіруші түлектердің жалпы құзыреттіліктері сипатталады:

ОК 1- жеке талаптану деңгейін қалыптастыруға және объективті бағалауға *қабілетті*, мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік даму деңгейін көтеру дағдыларын *меңгереді*, балаларды креативтілік пен жаңашылдыққа *үйретеді*;

ОК 2 - шешендік өнер, әлемдік классикалық әдебиет және өнер негіздерінен білімдерін кәсіби қызметінде *қолдана алады*;

ОК 3 - белгісіздік жағдайында жұмыс істеуге және шығармашылық тұғырды талап ететін күрделі аналитикалық міндеттерді орындауға *қабілетті*;

ОК 4 - нарықтық экономика мен саяси үрдістерді дамытудың негізгі ұғымдары мен ережелерін *меңгереді*, өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен оқытудың жаңа философиясын, кәсіпкерлік-инвестициялық қызметтің негіздерін *түсінеді*;

ОК 5 - сыни ойлай алады, жылдам дамитын цифрлық технологиялар дәуірінде өмір сүре алады, ірі деректер массивтерімен жұмыс істей алады, жаппай командада тиімді жұмыс істей алады, өзгерістерге тез бейімделе *алады*.

ОК 6 - өз ойларын ана тілі мен шет тілдерінде дәйекті және сауатты *тұжырымдайды және айтады*, ғылыми және арнайы мәтіндермен жұмыс істеу және көпшілік алдында сөйлеу үшін қазақ (орыс), шет тілдерінде ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын *меңгереді*;

ОК 7 - ақпаратты алу, сақтау, қайта өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдері мен құралдарын *қолданады*; цифрлық құралдарды терең түсінеді, жаңа жағдайларға интуитивті бейімделу және жаңа контент *жасау қабілеті бар*;

ОК 8 - әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешуде әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың негізгі ережелері мен әдістерін *қолдануға қабілетті*; өзін-өзі дамыту және кәсіби өсу үшін өмір бойы өзінің білім траекториясын *құра алады*;

ОК 9 - ғылыми зерттеуді ұйымдастыру ұстанымдарын, ғылыми білімге қол жеткізу және құру тәсілдерін *түсінеді*;

ОК 10 - гигиена, еңбекті қорғау талаптарына және сыртқы жағымсыз әсерлерден қорғау ережелеріне сәйкес салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға, толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін дене тәрбиесі мен денсаулықты нығайтудың құралдары мен әдістерін *пайдалануға қабілетті*.

2.2 Бітіруші түлектердің пәндік құзыреттіліктері сипатталады:

ПК 1- мектепке дейінгі білім берудің жаңартылған мазмұнының ғылыми-теориялық және әдістемелік негіздерін *біледі*, әртүрлі жастағы балаларға білім берудегі сабақтастықты жүзеге асыру құралдарын *меңгереді*;

ПК 2 - мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық үдерісті өзбетінше ұйымдастыруға *қабілетті* және мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктерін, сонымен қатар жас топтары бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінде инновациялық технологиялардың әдістері мен құралдарды пайдалану дағдыларын *меңгереді*;

ПК 3 - математика, ана тілі, әдебиет, музыка, жаратылыстану, бейнелеу өнері, дене шынықтырулардың тұжырымдамалық және теориялық негіздерін, олардың ғылым мен құндылықтардың жалпы жүйесіндегі орнын, даму тарихы мен қазіргі жағдайын *біледі*;

ПК 4 - «Денсаулық» (дене шынықтыру), «Коммуникация» (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, орыс тілі, драма, сауат ашу негіздері), «Таным» (жаратылыстану, қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру), «Шығармашылық» (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка), «Әлеумет» (қоршаған ортамен танысу, экология) мектепке дейінгі білім беру салаларын оқытудың теориялық негіздері мен технологияларын *меңгереді*;

ПК 5 - мектеп жасына дейінгі балаларды ана тіліне үйретуде мектепке дейінгі тілдік және көркем-әдеби білім берудің теориялық негіздері мен технологияларын *меңгереді*;

ПК 6 - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастырудың теориялық негіздері мен технологияларын *қолдана алады*, мектеп жасына дейінгі балалардың пәндік біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, бейнелі және логикалық ойлауды дамыту әдістерін *меңгереді*, күнделікті өмірде математикалық білімді қолдану және математикаға қызығушылығын қалыптастыру тәсілдерін *меңгереді*;

ПК 7- жаратылыстану-ғылыми білім берудің теориялық негіздері мен технологияларын *қолдана алады*, қазіргі қоршаған экология әлемінің маңызын *түсінеді*, қоршаған ортаны қорғаудың негізгі ұстанымдарын *сақтайды* және *насихаттайды*, мектеп жасына дейінгі балалардың ғылыми дүниетанымының алғышарттарын қалыптастыру тәсілдерін *меңгереді*;

ПК 8 - мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығы мен өзбетінше дамуын қамтамасыз ететін көркем-эстетикалық және музыкалық білім берудің тәжірибелік қызметін ұйымдастырудың теориялық негіздері мен дағдыларын *қолдана алады*;

ПК 9 - ақпаратты алу, сақтау, өңдеу және берудің практикалық міндеттерін шешу үшін зерттеу әдістерін, бағдарламалауды және қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды *қолдана алады*;

ПК 10 - мектепке дейінгі білім беру саласында аналитикалық және технологиялық шешімдерді жүзеге асыруға қабілетті.

3. Оқыту нәтижелерінің сипаттамасы:

Бітіруші түлек осы бағдарламаны сәтті аяқтағаннан кейін:

ОН 1 - мамандықтың жоғары әлеуметтік маңыздылығын, кәсіби этиканың ұстанымдарын *түсінеді*, педагогикалық қызметте пәндік сала бойынша білімін, педагогикалық өлшемдерді, білім беру жүйесінің даму тенденциялары, нормативтік құқықтық актілер мен электронды құжаттарды жүргізу негіздерінен білімдерін *пайдаланады*;

ОН 2 - білім беру үдерісіндегі барлық субъектілердің (тәрбиешінің, балалардың және олардың ата-аналарының) қызметін, мектепке дейінгі білім беру саласындағы оқу-тәрбие үдерісінің мазмұнын *талдайды*, өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайларда өмір сүруге дайын, сыни тұрғыдан ойлау қабілеті бар зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған тұлғаны тәрбиелеуге мақсатты орната отырып, оқу-тәрбие үдерісін *модельдейді*;

ОН 3 - психикалық, психофизиологиялық дамудың жалпы, өзіндік және жеке ерекшеліктері мен инклюзивті білім берудің құндылықтарын есепке алу құралдарын *пайдаланады*, әртүрлі жас деңгейлерінде мінез-құлық пен іс-әрекетті реттеу ерекшеліктерін *біледі*;

ОН 4 - психологиялық және педагогикалық зерттеу әдістерін *меңгереді*, өнім, болжам жасау, құбылыстың немесе оқиғаның жүйелі түсіндірілуі үшін әр түрлі көздерден ақпаратты *талдайды*, *жинақтайды*, шығармашылықпен *түрлендіреді*, педагогикалық қызметке шығармашылық, зерттеушілік тұғыр *танытады*);

ОН 5 - әртүрлі жастағы балалардың дамуын диагностикалау әдістерін, оқыту мен тәрбиелеуде білімнің әртүрлі теорияларын *пайдаланады*, оқыту мен тәрбиелеуде балаларда субъектіні, коммуникативтілікті, гуманизм мен толеранттылықты, ынтымақтастық пен сыни ойлау қабілеттерін дамыту үшін әдіснамалық тұғырды *қолданады*;

ОН 6 - балалар іс-әрекетінің әрбір түрлерін ұйымдастыру тәсілдерін *меңгереді*, балалардың зерттеу және жобалау іс-әрекетімен байланысты ойын әрекетін ұйымдастыру әдістерін, мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру үдерісінде заманауи ақпараттық және коммуникациялық технологияларды (SMART және STEM технологиялары) қолданады;

ОН 7 - этномәдени және конфессиялық айырмашылықтарды, қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымының ерекшеліктерін, ұлттық тәрбиенің заңдылықтары мен ұстанымдарын ескере отырып, көпмәдени ортада кәсіби қызметті ұйымдастыру тәсілдерін *меңгереді*;

ОН 8 - кәсіптік міндеттерді шешуде пәнаралық және ведомствoarалық өзара іс-әрекетке *қатысады*, балаларды өзгермелі еңбек нарығына бейімдеуде қажетті құзыреттілікті дамыту үшін оқуға және ұтқырлыққа *қабілетті* болады.

1.5. Модульдер мазмұны:

Пәндер циклдерінің қысқаша атауы	Пәндер атауы және олардың негізгі бөлімдері	Жалпы еңбек сыйымдылығы
ЖББП 1	ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР ЦИКЛЫ (ЖББП)	56
МК 1.1	МІНДЕТТІ КОМПОНЕНТ (МК)	51
1.	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	5
	Тарихты зерттеудің тұжырымдамалық негіздері. Тәуелсіздік жолы. Азаматтық-саяси қарсы тұру. Кеңес моделі. XX ғасырдың кенестік реформаларының салдары. «Қайта құру» саясаты. Мемлекеттік құрылымды қалыптастыру. Экономикалық дамудың қазақстандық моделі. Әлеуметтік жаңғырту. Этнодемографиялық процестер. Дамудың қоғамдық-саяси перспективалары. Жаңа тарихи сананы қалыптастыру саясаты. Қазіргі әлемдегі Қазақстан. Н.А. Назарбаев- тарихтағы тұлға. Біртұтас болашақ ұлтын қалыптастыру.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК4, ОК8, ПК10, ПК11, РО1
2.	Философия	5
	Ойлау мәдениетінің пайда болуы. Философия пәні мен әдісі. Әлемнің философиялық түсінігінің негіздері. Сана, жан және тіл. Онтология және метафизика. Әдеп. Құндылықтар философиясы. Еркіндік философиясы. Өнер философиясы. Қоғам және мәдениет. Тарих философиясы. Дін философиясы. «Мәңгілік ел» және «Рухани жаңғыру» - жаңа Қазақстанның философиясы	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК4, ОК5, ОК8, ОК9, ПК6, РО2, РО7, РО8

3.	Шет тілі	10
	Қарым-қатынастың әлеуметтік-тұрмыстық саласы. Мен және менің отбасым. Адам және оның денсаулығы. Қарым-қатынастың әлеуметтік-мәдени саласы. Әлем картасы. Әдет-ғұрып және салт-дәстүр. Қарым-қатынастың оқу-кәсіби саласы: болашақ мамандық. Демалыс. Қазіргі тұрғын үй. Қазіргі қоғамдағы отбасы. Мәдени-тарихи фон. Білім. Менің мамандығым. Адам және табиғат, экологиялық мәселелер. Жаңалықтар, БАҚ, жарнама.	Құзыреттіліктер: ОК2, ОК6, ОК8, РО4, РО7
4.	Қазақ (орыс тілі)	10
	<p>Қазақ тілі Ауызша және жазбаша коммуникацияда лексиканы, ғылыми терминдерді, синтаксистік құрылымдарды дұрыс қолдану дағдысы; әңгіме жүргізу дағдысы. Іскерлік қарым-қатынас жасау үшін хаттарды, баяндамаларды, рецензияларды, эсселерді жазу дағдылары; мәтіндерді түсініп оқу, өз ойын жеткізе білу. Күнделікті және кәсіби сөйлеу жағдайларында әр түрлі әңгімелесуде еркін қарым-қатынас жасауға үйрету, әңгіме, сұхбатты жалғастыру іскерліктерін дамыту.</p> <p>Орыс тілі Орыс тілі қарым-қатынас құралы ретінде және оның тілді меңгеру деңгейінде әлеуметтік-мәдени дүниетанымды қалыптастырудағы рөлі. Берілген тақырыптық материалдағы орыс тілінің синтаксисі. Сөйлеу тілінің функционалдық стильдері-адам қарым-қатынасы саласында қолданылатын тілдік құралдардың тарихи қалыптасқан жүйесі; әдеби тілдің түрлері.</p>	Құзыреттіліктер: ОК2, ОК6, ОК8, ПК3, ПК4, ПК5, РО4, РО7
5.	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	5
	An ICT role in key sectors of development of society. Standards in the field of ICT. Introduction to computer systems. Architecture of computer systems. Software. Operating systems. Human-computer interaction. Database systems. Data analysis. Data management. Networks and telecommunications. Cybersecurity. Internet technologies. Cloud and mobile technologies. Multimedia technologies. Smart technology. E-technologies. Electronic business. Electronic training. Electronic government. Information technologies in the professional sphere. Industrial ICT. Prospects of development of ICT.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК3, ОК5, ОК7, ОК8, ПК6, ПК8, ПК10, РО1, РО6, РО8
6.	Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)	8
	Әлеуметтік әлем түсінігіндегі әлеуметтану. Әлеуметтік зерттеулер. Қоғамның әлеуметтік құрылымы және стратификациясы. Әлеуметтендіру және сәйкестік. Отбасы және қазіргі заман. Девиация, қылмыс, әлеуметтік бақылау. Дін, мәдениет, қоғам. Этникалық және ұлт социологиясы. Білім және әлеуметтік теңсіздік. Масс-медиа, технологиялар және қоғам. Экономика, жаһандану, еңбек. Денсаулық және медицина. Халық, урбанизация және қоғамдық қозғалыстар. Әлеуметтік өзгеріс.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК4, ОК5, ОК8, ОК9, ПК1, ПК2, РО1, РО2, РО3, РО4, РО7, РО8
	Саясаттану	2
	Саяси ғылымның дамуының негізгі кезеңдері. Қоғамдық өмір жүйесіндегі саясат. Саяси билік. Саяси элиталар, көшбасшылық. Қоғамның саяси жүйесі. Мемлекет және азаматтық қоғам. Саяси режимдер. Сайлау жүйелері, сайлау. Саяси партиялар, партиялық жүйелер және қоғамдық-саяси қозғалыстар. Саяси мәдениет, мінез-құлық. Саяси сана, идеология; даму, жаңғырту; қақтығыстар, дағдарыстар. Әлемдік саясат, қазіргі халықаралық қатынастар.	

	Мәдениеттану		2
	Мәдениет морфологиясы. Мәдениет тілі. Мәдениет семиотикасы. Мәдениет анатомиясы. Номадтардың мәдениеті. Прототүріктердің мәдени мұрасы. Орта Азияның ортағасырлық мәдениеті. Түркілердің мәдени мұрасы. Қазақ мәдениетінің қалыптасуы. XVIII ғ.аяғы - XX ғ. басындағы қазақ мәдениеті. Қазіргі әлемдік үдерістер контекстіндегі, жаһандану контекстіндегі қазақ мәдениеті. Қазақстанның мәдени саясаты. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы.		
	Психология		
	Ұлттық сана контекстіндегі тұлға. Мен және менің уәжім. Эмоциялар, эмоциялық интеллект. Адамның еркі, өзін-өзі реттеу психологиясы. Жеке-типологиялық ерекшеліктер. Құндылықтар, мүдделер, нормалар- рухани негіз. Өмір, кәсіби өзін-өзі анықтау, денсаулық мәнінің психологиясы. Жеке тұлға мен топтардың қарым-қатынасы. Қарым-қатынастың перцептивті жағы. Қарым-қатынастың интерактивті жағы. Қарым-қатынастың коммуникативтік жағы. Әлеуметтік-психологиялық кикілжің. Кикілжіңдегі мінез-құлық моделі. Тиімді қарым-қатынас техникасы.		2
7.	Дене шынықтыру		8
	Салауатты өмір салтының негіздері. Дене тәрбиесінің жаратылыстану-ғылыми негіздері. Заманауи сауықтыру жүйелері, ағзаның физикалық жағдайын бақылау негіздері. Дене шынықтыру және спортпен өзіндік айналысудың негізгі әдістемелері. Кәсіби-қолданбалы дене дайындығы. Жалпы дене дайындығы. Жылдамдық. Жүгіру. Эстафеталар. Шыдамдылық, икемділік, ептілік, үйлестіру, тепе-теңдікке бағытталған, гимнастикалық, акробатикалық жаттығуларды орындау. Күш. Жалпы дамытушы жаттығулар. Арнайы дене дайындығы.	Құзыреттіліктер ОК1, ОК10, ПК1,ПК2, ПК3, ПК4, РО1, РО2, РО3, РО5, РО6	
КВ 1.2	ТАҢДАУ БОЙЫНША КОМПОНЕНТ (ТК)		5
1.	Экономика және бизнес негіздері		
	Қоғамдық өндіріс. Капиталдың мәні, формалары, құрылымы. Өндіріс шығындары. Нарықтық экономикадағы өндіріс кірістері. Бизнес түсінігі. Кәсіпкерлік қызмет түрлері. Меншік теориясы, шаруашылық жүргізудің қоғамдық формалары. Тауар, ақша. Қоғамдық-экономикалық жүйе. Нарықтың пайда болуы. Қаржы жүйесі. Бизнесті дамытудағы мемлекеттің рөлі. Макроэкономика. Ресурс үнемдеу. Экономикалық дамудың циклділігі. Инфляция және жұмыссыздық. Қазақстан әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесінде.	Құзыреттіліктер: ОК3, ОК4, ОК5, ОК8, ПК10, РО8	
2.	Құқық және жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздері		
	Конституцияның, ҚР қолданыстағы заңнамасының негізгі ережелері; мемлекеттік басқару органдарының жүйесі, экономиканы мемлекеттік реттеудің өкілеттіктер шеңбері, мақсаттары, әдістері, экономикадағы мемлекеттік сектордың рөлі; қаржылық құқық және қаржы; материалдық және іс жүргізу құқығының өзара іс-қимыл тетігі; сыбайлас жемқорлықтың мәні, оның шығу себептері; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін моральдық-адамгершілік, құқықтық жауапкершілік шаралары; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қолданыстағы заңнама	Құзыреттіліктер: ОК3, ОК4, ОК8, ПК10, РО2, РО5, РО8	
3.	Адамның тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі		
	Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі, оның негізгі ережелері. Қауіптер, төтенше жағдайлар. Тәуекелді талдау, тәуекелдерді басқару. Адам қауіпсіздігі жүйелері. Қазіргі заманғы тұрақсыздандыру факторлары. Әлеуметтік қауіптер, олардан қорғау: рухани саладағы, саясаттағы қауіптер, олардан қорғау: экономикалық саладағы қауіптер, тұрмыстағы, күнделікті өмірдегі қауіптер. Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың қызметін құқықтық реттеу органдарының жүйесі.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК10, ПК3, ПК7, РО1, РО2	

4.	Экология және тұрақты даму	
	Тірі организмдердің, әртүрлі деңгейдегі экожүйелердің, жалпы биосфераның қызмет етуінің негізгі заңдылықтары, олардың тұрақтылығы; биосфера компоненттері мен адамның шаруашылық іс-әрекетінің экологиялық салдарының өзара әрекеттесуі, әсіресе табиғатты пайдалануды интенсификациялау жағдайында; ҚР және әр түрлі елдерде тұрақты дамудың концепциялары, стратегиялары және практикалық міндеттері туралы қазіргі заманғы түсініктер; экология, қоршаған ортаны қорғау, тұрақты даму мәселелері.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК10, ПК7, ПК10, РО2, РО3, РО5, РО6
БД 2	БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛЫ (БП)	112
ВК 2.1	ЖОО КОМПОНЕНТІ (ЖК)	56
1.	Арт білім беру	5
	Отандық өнер мен көркем мәдениеттің ежелгі дәуірден қазіргі уақытқа дейінгі қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері туралы базалық білім. Курс өнердің барлық түрлерін қамтиды, бұл қазақтардың адамгершілік-эстетикалық әлемі эволюциясының жалпы көрінісін, әдет-ғұрып элементтерін және қазіргі қазақстандық келбетін қалыптастыру үшін олардың маңызын құруға мүмкіндік береді.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК2, ПК3, ПК4, ПК8, РО2, РО5, РО7
2.	Кәсіпкерлік негіздері	5
	Кәсіпкерлік типологиясы; кәсіпкерлік шешімдер; фирманың сыртқы, ішкі ортасы; кәсіпкерліктің ұйымдық-құқықтық нысандары; құрылтай құжаттары; мемлекеттік тіркеу, лицензиялау; жұмыс істеу тетіктері; кәсіпкерлік тәуекелдер; кәсіпкерлікте еңбек ақы төлеу; кәсіпкерлік қызмет мәдениеті; қорғауға жататын мәліметтер тізбесі; кәсіпкерлер жауапкершілігінің мәні мен түрлері; қаржылық талдау әдістері; ШОБ бухгалтерлік есеп негіздері; салық салу; кәсіпкерлік қызметтің көрсеткіштері, тиімділігін бағалау әдістері.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК2, ОК3, ОК4, ОК5, ОК7, ОК8, ПК10, РО1, РО2, РО7, РО8
3.	Көшбасшылық: тиімді басшылықтың дағдылары	
	Көшбасшылық негіздері. Көшбасшылықтың тұлғалық теориясы. Мінез-құлық және ситуациялық көшбасшылық. Көшбасшы және команда. Функционалдық (рөлдік) көшбасшылық. Көшбасшылық стиліндегі РАЕІ функциялардың үйлесімсіздігі. Тиімді көшбасшылық стильдері. Тиімсіз көшбасшылықтың архетиптері. Ұйымдағы көшбасшылық стильдерін жүзеге асыру	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК2, ОК3, ОК4, ОК5, ОК6, ОК7, ОК8, ОК9, ОК10, ПК1, ПК10, РО1, РО2, РО3, РО4, РО5, РО6, РО7, РО8
4.	Дүниежүзілік мұра географиясы	
	ЮНЕСКО. Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы Конвенция. Дүниежүзілік Мәдени мұра объектілері және шетелдік Еуропаның басқа да көрнекті орындары. Шетелдік Азия мен Австралияның ұлы мұрасы мен көрікті жерлері. Американың Дүниежүзілік Мәдени Мұрасының объектілері. Африка-тамаша кездесу. Қазақстандағы Дүниежүзілік мұра объектілері.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК2, ОК6, ОК8, ПК3, ПК4, ПК8, РО1, РО2, РО7
5.	Қазақ (орыс) тілі (В2)/	5
	Сөйлеу мәдениетін анықтау. Сөйлеу дұрыстығы. Сөзді дұрыс таңдау, сөздің формалары. Сөздің дәлдігі. Сөйлемдерді дұрыс құру. Сөйлеу мәнерлілігі. Экспрессивті синтаксис. Сөйлеу байлығы, тазалығы, логикасы. Айтылу және екпін нормалары. Практикалық стилистиканы анықтау. Кәсіби саладағы сөйлеу мәдениеті. Белгілі бір коммуникативтік жағдайлардағы сөйлеу жаттығулары. Тілдік мінез-құлық этикасы. Іскерлік қарым-қатынас түрлері.	Құзыреттіліктер: ОК2, ОК6, ОК8, ПК1, ПК3, ПК4, ПК5, РО1, РО2, РО5, РО6, РО7
6.	Ілгермелі шетел тілі	5

	Тақырып бойынша толық баяндамалар. Жаңалықтар мен репортаждар. Қазіргі заманғы проблема бойынша мақалалар мен хабарламалар, қазіргі заманғы көркем проза. Таныс мәселе бойынша пікірталасқа белсенді қатысу, өзінің пікірін түсіндіру және қорғау. Өзекті мәселе бойынша «қолдаймын» және «қарсымын» барлық дәлелдерді айту. Ерекше маңызды оқиғалар мен әсерлерді көрсете отырып эссе, баяндама, хаттарды жазу.	Құзыреттіліктер: ОК2, ОК6, ОК8, ПК10, РО1, РО2, РО5, РО7	
7.	Латын әліпбилі қазақ жазуы		2
	Латын әліпбиі негізінде қазақ жазуының теориялық аспектісі; латын әліпбиіне негізделген қазақ әліпбиі мен орфографиясының ерекшеліктері; жазу теориясының негізгі санаттары; латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің жобасы; ұлттық әліпби құрудың негізгі алғышарттары; жаңа орфография ережелерінің негізгі принциптері; графикамен және алфавитпен арақатынасы; қазақ графикасы мен орфографиясы, сингармонизм заңы.	Құзыреттіліктер: ОК2, ОК6, ОК8, ПК10, РО1, РО2, РО5, РО7	
8.	Жас ерекшелік физиологиясы және мектепке дейінгі гигиена		3
	Ерте және мектеп жасына дейінгі балалардың дамуының жалпы заңдылықтары Физиология, нерв жүйесінің гигиенасы, жоғарғы нерв қызметінің жас ерекшеліктері. Физиология, сенсорлық жүйелер. Ішкі секреция бездерінің физиологиясы, жыныстық тәрбие. Жас ерекшеліктері, тірек-қимыл аппараты, вегетативтік жүйелердің ерекшеліктері. Балабақша ғимараттарына, топтарына, ауа ортасына, жарықтандыруға және жабдықтарына қойылатын гигиеналық талаптар. Салауатты өмір салтын қалыптастыру негіздері.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК10, ПК1, ПК2, ПК3, ПК4, РО1, РО2, РО3, РО7	
9.	Ұлттық тәрбие		3
	Қазақ халқының ұлттық мәдениетінің мәні; қазақ халқының тарихы, тілі, әдет - ғұрыптары мен дәстүрлері, өзіндік ерекшеліктері; ұлттық мүдделердің, ұлттық құндылықтардың, қазақ халқының, бүкіл Қазақстан халқының құндылық бағдарларының мәні; этносаралық, конфессияаралық және мәдениетаралық диалог; Жалпыадамзаттық құндылықтар- «Мәңгі» Мейірімділік, Ақиқат, Сұлулық идеалдарын тіркейтін, бейбітшілікті, тыныштықты сақтауға ықпал ететін өмір, еркіндік, ар-ождан, сенім, махаббат, бақыт.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК2, ОК6, ОК8, ПК3, ПК5, ПК6, ПК7, ПК8, РО1, РО2, РО5, РО7	
10.	Білім берудегі цифрлық технология		5
	Білім беруді ақпараттандыру. Заманауи цифрлық технологиялар және оларды білім беруде пайдалану. Мультимедиа технологиялары. Білім берудегі 3D-технологиялар. Цифрлық білім беру ресурстарын жіктеу. Сапалы цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу. Виртуалды шындық. Цифрлық робототехника. Оқыту үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарын қолдану әдістемесі. Оқыту нәтижелерін цифрландыру. Сабақтан тыс және ғылыми-зерттеу қызметін цифрландыру мәселелері. Білім берудің әкімшілік-басқару қызметін цифрландыру. ДББҰ НЗМ цифрлық білім беру ресурстары	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК3, ОК5, ОК7, ПК2, ПК9, ПК10, РО1, РО4, РО6	
11.	Мектепке дейінгі педагогика		5
	Мектепке дейінгі педагогиканың қалыптасуы мен дамуы. Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру жүйесі. Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің мазмұны, әдістері, құралдары және формалары. Мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық үдерісті ұйымдастыру. Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын іс-әрекеті. Мектепке дейінгі ұйымдағы заттық-кеңістіктік дамытушы орта. Балаларды мектепте оқуға дайындау.		
12.	Балалар психологиясы		5
	Балалық шақтың феномені психологиялық мәселе ретінде. Мектеп жасына дейінгі бала тұлғасын дамытудағы іс-әрекеттің рөлі. Мектепке дейінгі жаста танымдық процестер мен қабілеттерді дамыту. Мектепке дейінгі балалық шақта тұлғаның дамуы. Баланың мектепте оқуға дайындығы. Мектеп жасына дейінгі балаларға білім берудің психологиялық ерекшеліктері. Балалардың танымдық іс-әрекетін қалыптастырудың психологиялық заңдылықтары (оның мақсаты, мазмұны және әдістері). Білім беру үдерісінде мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық саласын дамыту.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК2, ОК3, ОК5, ОК8, ПК1, ПК2, РО1, РО2, РО3, РО4, РО5	

13.	Ерте балалық шақ педагогикасы	4
	Ерте жастағы балаларды дамыту және тәрбиелеу негіздері. Ерте жастағы балалар дамуының психофизиологиялық ерекшеліктері. Мектепке дейінгі ұйым мен отбасы жағдайында ерте жастағы балаларды дамыту мен тәрбиелеудің заманауи мәселелері: балаларды дамытудың негізгі міндеттері; ерте жастағы балалар дамуының өзіндік жағдайлары. Ерте жастағы топтарда психологиялық-педагогикалық диагностика. Ерте жастағы балалармен бірлескен заттық-ойын әрекеті. Педагогтің ерте жастағы топтарда заттық-дамытушы ортаны жобалауы.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК2, ОК5, ОК6, ОК10, ПК1, ПК2, ПК3, ПК9, РО1, РО2, РО5, РО6, РО7, РО8,
14.	Мектепке дейінгі педагогика тарихы	5
	Мектепке дейінгі педагогиканың пайда болу тарихы. Құл иеленушілік, феодалдық құрылыстағы мектепке дейінгі тәрбие. Я.А.Коменскийдің педагогикалық көзқарастары. XVII-XVIII ғғ., XVIII – XIX ғғ. бірінші жартысындағы мектепке дейінгі тәрбие теориясының дамуы. К.Д.Ушинскийдің педагогикалық қызметі мен мұрасы. XIX ғасырдың екінші жартысындағы мектепке дейінгі педагогика. 1917-1960ж.ж. кеңестік мектепке дейінгі педагогика. Тәрбиеші мамандығының пайда болу тарихы. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бағдарламалары. Қазақстандағы балабақшалардың даму тарихы.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК2, ОК5, ОК6, ОК10, ПК1, ПК2, ПК3, ПК9, РО1, РО2, РО5, РО6, РО7, РО8,
15.	Оқу практикасы	4
	Педагогикалық ұжымның қызметі және мектеп жасына дейінгі балалармен, балабақша топтарының материалдық базасымен танысу. Мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғасын зерттеу үшін тәрбиешінің қолданатын педагогикалық зерттеу әдістері. Құжаттармен және оларды жүргізу тәртібімен танысу. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің педагогикалық қызметінің құрылымын зерттеу. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынас стилін анықтау және бақылау.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК2, ОК3, ОК5, ОК7, ОК8, ОК9, ОК10, ПК1, ПК2, ПК9, РО1, РО2, РО4, РО5, РО6, РО7
	ТАҢДАУ БОЙЫНША КОМПОНЕНТ (ТК)	56
1.	Мектепке дейінгі білім берудегі менеджмент және электронды құжаттандыру	5
	Мектепке дейінгі тәрбиені ұйымдастырудың міндеттері мен принциптері. Мектепке дейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері. Балабақшалар және оларды ұйымдастыру. Мектепке дейінгі ұйымдар жүйесін қаржыландыру. Мектепке дейінгі ұйымдағы менеджмент негіздері. Әдіскер- мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық ұжымын ұйымдастырушы. Мектепке дейінгі ұйымды басқару әдістері. Мектепке дейінгі ұйымның жұмысын жоспарлау. Ұйымдастырылған оқу қызметтерін жүргізуді есепке алудың электрондық журналы, ұйымдастырылған оқу қызметтерін автоматты түрде бөлу, толтырылған құжаттар мен есептер, тәрбиешілер мен балалардың қатысуын бақылау.	Құзыреттіліктер: ОК2, ОК3, ОК4, ОК5, ОК8, ПК1, ПК2, ПК10, РО1, РО2, РО3, РО4, РО5, РО8
2.	Педагогикалық өлшемдер	5
	Оқыту нәтижелерін бағалаудың заманауи құралдары. Бағалау қызметінің мәселесі. Критериалды бағалау технологиясының моделі. Бағалау принциптері. Бағалау кезеңдері мен құралдары. Критериалды кестелер-айдаршалар. Формативті бағалау және жиынтық (ішкі және сыртқы) бағалау. Жиынтық бағалау нәтижелерін модерациялау. Білім беру нәтижелерін бағалаудың критерийлері. Өзін-өзі және өзара бағалау. Портфолионың педагогикалық міндеттері. Портфолионың функциялары мен құрылымы.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК3, ОК5, ОК7, ПК1, ПК2, ПК9, РО1, РО2, РО3
3.	Мектепке дейінгі инклюзивті білім беру	5
	Әлеуметтік және білім беру саясатындағы мектепке дейінгі инклюзивті білім берудің рөлі. Мектепке дейінгі инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуі, модельдері, формалары, түрлері. Мектепке дейінгі инклюзивті білім беру жағдайында мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мәселелері. Мүмкіндігі шектеулі балалармен және олардың отбасыларымен жұмыстың психологиялық-педагогикалық технологиялары. Мектепке дейінгі инклюзивті білім беру ұйымдарында педагогтармен және психологтармен өзара іс-әрекет жасау.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК8, ОК10, ПК1, ПК2, РО1, РО3.

4.	Жаңа формация педагог-тәрбиешісі	3
	Педагогикалық мамандық: мәні, ерекшеліктері, қазіргі даму тенденциялары. Педагогтың кәсіби біліктілігі мен құзыреттілігі: біліктілік түсінігі, педагогтың біліктілігіне қойылатын талаптар, біліктілік санаты. Кәсіби құзыреттілік түсінігі, кәсіби міндеттердің тізімі. Педагог-тәрбиешінің кәсіби қызметі, педагогикалық қызметтің құрылымы. Педагогтың кәсіби қызметін жүзеге асыру шарттары. Педагогтың педагогикалық тәжірибесі мен зерттеу қызметінің ерекшеліктері.	Құзыреттіліктер: ОК2, ОК3, ОК4, ОК5, ОК6, ПК1, ПК2, РО1, РО7, РО8
5.	Жобалау әрекетінің негіздері	5
	«Жобалау әрекетінің негіздері» пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері. Жобаның мәнін анықтау. Жобалау әрекетінің түрлері мен типтерін жіктеу. Жоба тақырыбын таңдауға қойылатын талаптар. Жобаның тақырыбы мен мақсатын тұжырымдау. Жобаның ғылыми аппараты. Жобаның жоспарын жасау. Жобалау әрекетінің тақырыбы бойынша әдебиеттерді зерттеу. Ақпаратты жинау және талдау тәсілдері. Ақпарат көзімен жұмыс істеу әдістері. Интернетте ақпаратты іздеу. Жобаны рәсімдеуге және қорғауға қойылатын талаптар.	Құзыреттіліктер: ОК3, ОК5, ОК6, ОК7, ОК8, ОК9, ПК1, ПК2, ПК9, ПК10, РО1, РО2, РО3, РО4, РО5, РО6
6.	Педагогикалық анимация	5
	Педагогикалық анимациялық технологиялар негіздері. Анимациялық қызметтің құралдары, формалары және әдістері. Театр педагогикасының мүмкіндіктері мен ерекшеліктері. Тынығу драматургиясының негіздері. Педагогикалық режиссура – мәдени бос уақыттың өзараәрекетінің логикасын құру үдерісі. Қызығушылығы бойынша клубтық қызмет, ұйымдастыру әдістемесі мен технологиясы. Анимациялық жобалау әрекетінің құрылымы мен технологиясы. Әлеуметтік-қорғау және оналту технологиялары және анимация. PR технологиясы - заманауи анимациялық практикадағы коммуникациялық технологиялардың бір түрі.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК2, ОК3, ОК5, ОК6, ОК10, ПК1, ПК2, ПК3, ПК5, ПК8, РО1, РО2
7.	Ойын іс-әрекетінің теориясы мен әдістемесі	4
	Ойын-мектеп жасына дейінгі баланың жетекші іс-әрекеті. Адамзаттың даму тарихында ойынның қалыптасуы. Балалар ойынының әлеуметтік сипаты. Мектепке дейінгі тәрбиенің қазіргі теориясы мен тәжірибесіндегі балалар ойынының мәселесі. Ерте жастағы балалардың ойындарын басқару. Мектеп жасына дейінгі балалардың ойындарын басқару. МДҰ-да әртүрлі ойын түрлерін ұйымдастыру. Сюжеттік-рөлдік ойындар. Дидактикалық ойындар. Театрландырылған ойындар. Құрылыс ойындары.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК3, ОК10, ПК2, ПК6, РО1, РО2, РО5, РО6
8.	Педиатрия негіздері	3
	Мектеп жасына дейінгі бала дамуының морфо-функционалды ерекшеліктері. Мектеп жасына дейінгі балаларды күту және сыртқы ортаны ұйымдастыруға қойылатын гигиеналық талаптар. Бала денсаулығының негізгі факторлары. Балалардың демалысын ұйымдастыруға қойылатын гигиеналық талаптар. Балалардың рационалды тамақтану негіздері, балалар диетологиясы. Балалардың психикалық денсаулығының негіздері. Күн тәртібінің және дене белсенділігінің мектепке дейінгі балалардың жүйке жүйесінің дамуына әсері. Мектеп жасына дейінгі балаларда жиі кездесетін аурулар.	Құзыреттіліктер: ОК10, ПК3, РО1, РО2, РО3
9.	Мектепке дейінгі білім берудегі педагогикалық диагностика	3
	Педагогикалық диагностиканың теориялық және әдіснамалық негіздері: «педагогикалық диагностика» ұғымының мәні, педагогикалық диагностиканың функциялары, принциптері мен жүргізу ережелері, МДҰ-да педагогикалық диагностиканы жүргізудің нормативтік-құқықтық негіздері, педагогикалық диагностиканы әзірлеу және жүргізу алгоритмі. Педагогикалық диагностика әдістері (бақылау, сауалнама, әңгімелесу, сұхбат). Байқау педагогтың кәсіби сапасы ретінде. Педагогикалық диагностика мектеп жасына дейінгі баланы тану құралы ретінде. Білім беру жағдайларының педагогикалық диагностикасы.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК5, ОК7, ОК8, ПК1, ПК2, ПК10, РО1, РО2, РО3, РО4, РО5
10.	Мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық технологиялар	5

	Педагогикалық технологияның мәні мен даму кезеңдері. Педагогикалық технологияның жіктелуі. Жобалық оқыту технологиялары. Жоба әдісі және жобалық оқыту технологиясы туралы түсінік. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) оқу үрдісін технологияландыру құралы ретінде. Интерактивті оқыту бағдарламалары. Оқу сабағында мультимедиа технологиясын пайдалану (слайд-шоу, интерактивті такта, аудио және бейне файлдар). Ойын технологиясы. ТРИЗ. Денсаулық сақтау технологиясы. Дамыта оқыту технологиясы. М. Монтессори технологиясы.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК3, ОК5, ОК7, ОК8, ПК1, ПК2, ПК3, ПК5, ПК6, ПК7, ПК8, РО1, РО2, РО5, РО6, РО7	
11.	Мектепке дейінгі ұйымның дамытушы ортасын жобалау		3
	«Заттық-кеңістіктік дамытушы орта» ұғымының мәні мен мазмұны. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның сипаттамалары. Заттық орта мектеп жасына дейінгі балалардың позитивті әлеуметтенуінің шарты ретінде. Ерте және мектеп жасына дейінгі балалар топтарында заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның ерекшеліктері. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құрастыру принциптері. Балалар іс-әрекетінің түрлерін және балалар мен ересектердің өзара іс-әрекетін дамыту үшін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру. Орта баланың қозғалысқа, қарым-қатынасқа, танымға деген қажеттілігін қамтамасыз ету құралы ретінде.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК3, ОК5, ОК10, ПК1, ПК2, РО1, РО2, РО6, РО7	
12.	Балалар әдебиеті		3
	Балалар әдебиеті жалпы әдебиеттің бір бөлігі ретінде. Балалар әдебиетінің жанрлық ерекшеліктері. Көркем мәтіннің құрылымы мен мазмұны. Балалар оқуы. Фольклор және оның дидактикалық әлеуеті. Ертегілердің, эпикалық шығармалардың, әндердің, мақал-мәтелдердің ерекшеліктері. Қазақ және орыс әдебиеті. Балаларға арналған кеңес әдебиеті. Балаларға арналған поэзия. Шетелдік балалар әдебиеті. Балаларға арналған заманауи әдебиет.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК2, ОК6, ОК8, ПК1, ПК3, ПК4, ПК5, РО1, РО5	
13.	Отбасы педагогикасы		3
	Отбасы - әлеуметтік феномен және әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық зерттеу пәні. Отбасындағы қарым-қатынас құрылымы. Балалар мен ата-аналардың қарым-қатынастары. Ата-аналар ұстанымын қалыптастыру. Қазіргі ата-аналардың әлеуметтік-психологиялық сипаттамасы. Отбасы -тәрбие институты және педагогикалық жүйе. Отбасында дене және психологиялық денсаулықты сақтау. Отбасына психологиялық-педагогикалық көмек.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК2, ОК3, ОК8, ОК10, ПК1, РО1, РО2, РО5, РО6, РО7	
14.	Педагогикалық практика		4
	Мектепке дейінгі ұйымдағы күнтізбелік жоспарды, циклограммалар мен дәптерлерді зерттеу және талдау, тәрбиешінің мектеп жасына дейінгі балалармен оқу жұмысын жоспарлау жүйесін зерттеу. Балалардың оқу-танымдық қызметін ұйымдастырудың әр түрлі кезеңдерінде тәрбиешінің оқыту әдістерін қолдануына бақылау жүргізу, ұйымдастырылған оқу қызметтерін талдау. Мектепке дейінгі білім берудің барлық пәндері бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізу, мәдени бос уақыттарын ұйымдастыру, оларды өзіндік талдау. Педагогикалық тәжірибе қорытындысы бойынша есеп дайындау.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК2, ОК3, ОК5, ОК8, ПК1, ПК2, ПК3, ПК4, ПК5, ПК6, ПК7, ПК8, ПК9, РО1, РО2, РО3, РО5, РО6, РО7, РО8	
	КӘСІПТЕНДІРУ ПӘНДЕРІ ЦИКЛЫ		60
	ЖОО КОМПОНЕНТІ (ЖК)		
1.	Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту әдістемесі		5
	Сөйлеуді дамыту әдістемесінің пәні. Балабақшада сөйлеуді дамыту бойынша жұмыс жүйесі. Байланыстырып сөйлеуді дамыту әдістемесі. Сөздікті дамыту әдістемесі. Тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыру әдістемесі. Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеу әдістемесі. Көркем әдебиетпен жұмыстың әдістемесі. Сауат ашуға дайындық. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуінің дамуын диагностикалау. Мектепке дейінгі ұйымда балалардың сөйлеуін дамыту жұмыстарына әдістемелік басшылық жасау.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК2, ОК5, ОК6, ОК8, ПК1, ПК2, ПК3, ПК4, ПК5, РО1, РО2, РО6, РО8	
2.	Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған ортамен таныстыру әдістемесі		5

	Қоршаған ортамен таныстыру әдістемесінің даму тарихы. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда, тәрбиелеуде және дамытуда табиғатты пайдаланудың міндеттері, принциптері, формалары, әдістері мен тәсілдері. «Мен және қоғам», «Менің туған өлкем» оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтерінің мазмұны. Табиғат бұрышы және балабақша учаскесі мектепке дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеудің негізгі базасы ретінде. Дамытушы экологиялық орта- тәрбие әдісі. Экологиялық тәрбие әдістері. Балалар эксперименті. Балалардың экологиялық тәрбиесінің формалары.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК5, ОК6, ОК8, ПК1, ПК2, ПК3, ПК4, ПК7, РО1, РО2, РО6, РО8	
3.	Мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу іс-әрекетінің әдістемесі		5
	Мектеп жасына дейінгі балаларды бейнелеу іс-әрекетіне үйретуді ұйымдастыру. Өртүрлі жас топтарында балаларды сурет салуға үйрету. Өртүрлі жас топтарында балаларды мүсіндеуге үйрету. Өртүрлі жас топтарында балаларды аппликация жасауға үйрету. Өртүрлі жас топтарында балаларды құрастыруға үйрету. Балабақшада бейнелеу іс-әрекеті бойынша жұмысты жоспарлау.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК5, ОК6, ОК8, ПК1, ПК2, ПК3, ПК4, ПК8, РО1, РО2, РО5, РО6, РО7	
4.	Мектеп жасына дейінгі балаларда карапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру әдістемесі		5
	Мектеп жасына дейінгі балаларда ҚМҰҚ әдістемесі курсының теориялық негіздері. Мектеп жасына дейінгі балаларды математикаға оқытуды ұйымдастыру. Өртүрлі жастағы балаларды жиынмен таныстыру. Балаларда сандар туралы түсінік қалыптастыру. Балаларда заттардың көлемі, оларды өлшеу туралы түсінік қалыптастыру. Заттардың формасы, кеңістік, уақыт туралы түсініктерді қалыптастыру. Балабақшада балалардың математикалық түсініктерін дамыту бойынша жұмысты жоспарлау. Балаларда математикалық түсініктерінің дамуын диагностикалау.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК5, ОК6, ОК8, ПК1, ПК2, ПК3, ПК4, ПК6, РО1, РО2, РО5, РО6, РО7	
5.	Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесінің әдістемесі		5
	Мектепке дейінгі тәрбие жүйесіндегі дене тәрбиесі. Дене тәрбиесі құралдары. Мектеп жасына дейінгі балалардың моторикасының даму ерекшеліктері. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесінің формалары, мазмұны және әдістері. Қозғалыс дағдыларын қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі балаларды негізгі қозғалыстарға үйрету әдістемесі. Қозғалыс ойындары. Спорттық ойындар және жаттығулар. Мектепке дейінгі ұйымдағы балалардың дене тәрбиесі бойынша әдістемелік басшылық.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК5, ОК6, ОК8, ПК1, ПК2, ПК3, ПК4, РО1, РО2, РО5, РО6, РО8	
6.	Мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық тәрбиесінің әдістемесі		5
	Музыкалық тәрбиенің мақсаты, міндеттері, мазмұны. Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері, музыкалық даму деңгейлері. Балалардың музыкалық мәдениетінің негіздерін қалыптастыру. Балалардың музыкалық тәрбиесінің әдістері мен тәсілдері. Музыкалық-дидактикалық ойындар мен құралдар. Өн айту. Ритмика. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Музыкалық шығармаларды қабылдауды белсендіру әдістері мен тәсілдері. Музыкалық іс-әрекеттің әрбір түрлерін ұйымдастыруда жаңа технологияларды қолдану. Мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық тәрбиесі мен дамуының диагностикасы.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК5, ОК6, ОК8, ПК1, ПК2, ПК3, ПК4, ПК8, РО1, РО2, РО5, РО6, РО8	
7.	Мектеп жасына дейінгі балаларда драмалау дағдыларын дамыту		5
	Мектеп жасына дейінгі балаларда драмалау дағдыларын дамыту бойынша бастауларды қалыптастыру (коммуникативті - тілдік, ойын, артикуляциялық дағдылар). Адамгершілік нормалары туралы түсінік. Балаларды театр мәдениетіне баулу. Театрландырылған әрекеттің алуан түрлі тәсілдерін және жанрларын (драмалық, музыкалық, қуыршақ, клоун және тағы басқа) меңгерту. Мектеп жасына дейінгі балаларда драмалау дағдыларын дамыту бойынша жұмыстарды ұйымдастыру. Мектеп жасына дейінгі балаларда драмалау дағдыларын дамыту бойынша жұмысты жоспарлау.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК2, ОК5, ОК6, ОК8, ПК1, ПК2, ПК3, ПК4, ПК5, РО1, РО2, РО6	
8.	Балаларды мектепалды даярлау		5
	«Балаларды мектепалды даярлау» түсінігі мазмұнының теориялық негіздері. Мектепке дайындық - күрделі көп компонентті ұғым. Дайындық түрлері. Қазіргі баланың мектепке дайындығы- балабақша мен мектептің сабақтастық жүйесінің базалық буыны. Баланың мектепке бейімделуі мәселесі. Мектепке дейінгі ересек	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК5, ОК6, ОК8, ОК10, ПК1, ПК2, ПК3, РО1,	

	жастағы балалардың мектепке оқуға қызығушылығын тәрбиелеу. Ынтымақтастық - мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш мектеп арасындағы сабақтастықты жүзеге асыру шарты. Педагогтер мен ата-аналар ынтымақтастығының қазіргі формаларының сипаттамасы.	PO2, PO3, PO5, PO6	
9.	Балабақшадағы әдістемелік жұмыс		5
	Әдіскер жұмысының ұйымдастыру-теориялық негіздері. Мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік жұмыстың маңызы. Әдістемелік кабинет жұмысының бағыттары. Әдістемелік жұмыстың формалары. Педагогикалық кеңес. Мектепке дейінгі балалар ұйымында әдістемелік жұмыстың жетекші формалары. Консультациялар. Семинар. Тәрбиешімен әңгімелесу. Тәжірибелі педагогтардың жұмысын ұжымдық қарау. Әдістемелік жұмыста тәрбиешілерді белсендіру әдістері.	Құзыреттіліктер: ОК2, ОК3, ОК4, ОК5, ОК8, ПК1, ПК2, ПК10, PO1, PO2, PO3, PO4, PO5, PO8	
10	Өндірістік (педагогикалық) практика		
	Балабақша тәрбиешісінің қызметін толық көлемде орындау: практикадан өту кезеңінде циклограммаларды әзірлеу және жоспарлау; барлық оқу пәндері бойынша технологиялық карталарды әзірлеу, ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін жоспарлау және өткізу, тәрбиешілер мен студенттердің ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатысу және талдау жасау; тәрбие іс-шараларын жоспарлау және өткізу; педагогикалық ұжымның қызметіне қатысу; ата-аналармен жұмыс жүргізу. Өткізілген ұйымдастырылған оқу қызметтері мен тәрбиелік іс-шаралардың өзіндік талдауын жүзеге асыру. Практика қорытындысы бойынша есеп дайындау.	Құзыреттіліктер: ОК1, ОК2, ОК3, ОК5, ОК8, ПК1, ПК2, ПК3, ПК4, ПК5, ПК6, ПК7, ПК8, ПК9, PO1, PO2, PO3, PO5, PO6, PO7, PO8	15
	Бітіру (дипломдық жоба) жұмысы		12
	Дипломдық жоба (бітіру жұмысы). Теориялық және практикалық бөлімді қамтитын, арнайы пәндердің таңдалған тақырыбы бойынша дипломдық жобаны орындау. Бұл ретте білім алушы оқытудың қазіргі заманғы ақпараттық және педагогикалық технологияларын қолдана отырып, мектепке дейінгі педагогика және жеке әдістемелер саласында ғылыми зерттеулерді жүргізу әдістерін меңгереді. Дипломдық жұмыс бөлімдерін орындау кезінде өзінің кәсіби сауаттылығын көрсетеді.		
	ECTS кредиттер саны		240

